



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

(переразложение, интеркатенация, репласация).

На синтаксическом уровне интерференция может обнаружить себя в нарушении рамочной конструкции, в свободном порядке слов и т. д. При этом изучение синтаксической интерференции должно проводиться при учете морфологических категорий и закономерностей их функционирования, так как морфологический и синтаксический уровни грамматической системы языка неразрывно взаимосвязаны. Например, в русском: *Я куплю себе новую машину*. В казахском языке – *Мен өзіме жаңа машина сатып аламын*. Поэтому в русской речи казаха это предложение может звучать как: *Я себе новую машину куплю*.

В Казахстане интерференция в лингвистике активно начала исследоваться в последней четверти прошлого столетия. Под руководством М.М. Копыленко было написано ряд коллективных монографий, посвященных разным аспектам взаимодействия русского и казахского языков. Известно, что взаимодействие языков очень часто проявляется в интерференции. В науке о языке, в методике обучения неродному языку интерференция (она сопутствует билингвизму и связано со структурно-типологическими отличиями, существующими в родном и во втором языке билингва) понимается как отклонение от норм изучаемого (второго) языка и перенесение на него особенностей родного языка. Именно данный аспект интерференции, сопутствующий двуязычию, детально исследован и описан в трудах казахстанских лингвистов под руководством М.М.Копыленко. Следует назвать монографии, выполненные под руководством М.М.Копыленко: «Фонетическая интерференция в русской речи казахов» (Алма-Ата, 1982), «Лексическая и морфологическая интерференция в русской речи казахов» (Алма-Ата, 1986), «Интерференция в русской речи казахов-билингвов» (Алма-Ата, 1988).

Исследование интерференции в речи представителей турецкой диаспоры Казахстана является главной задачей наших дальнейших исследований.

Список использованных источников:

1. Современный словарь иностранных слов / Гл. ред. Л.Н. Комарова. – Санкпитербург, 1994.
2. Вайнрайх У. Языковые контакты. Состояние и проблемы исследования. – Москва, 2000.
3. Хауген Э. Лингвистика и языковое планирование // Новое в лингвистике. Вып. 7. Социолингвистика. – Москва, 1975.
4. Мечковская Н.Б. Системная типология языков. – Москва, 2000.
5. Виноградов В. А. Интерференция // Лингвистический энциклопедический словарь / Гл.ред В.И. Ярцев. – Москва, 1990.
6. Миньяр-Белоручев Р.К. Курс устного перевода. – Москва, 2005.
7. Алимов В.В. Интерференция в переводе (на материале профессионально ориентированной межкультурной коммуникации и перевода в сфере профессиональной коммуникации. - Москва, 2005.
8. Виноградов В.В. Основные типы лексических значений слова. – Москва, 1984.
9. Сорокина, С. С. Пути преодоления и предупреждения грамматической интерференции синтаксических подтипов в немецкой речи студентов 1 курса языковых факультетов. – Ленинград, 1971.

УДК 811.512

«АЛПАМЫС БАТЫР» ЖЫРЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОРТАҚ МҰРАСЫ

Мұхаметжан Аяулым Алтынбайқызы

Еуразия Ұлттық Университеті Халықаралық қатынастар факультеті

түркітану кафедрасының 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Шакимашрип Ибраев

Батырлар жыры - қазақ ауыз әдебиетінің өте ертеден келе жатқан күрделі саласының бірі. Батырлар жыры бір ғасырдың ғана жемісі емес. Ол халықтың ертедегі тұрмыс-тіршілігіне, тарихына, қоғамдық өміріне байланысты туып, солармен бірге жасасқан. Сондықтан да батырлар жыры өзінің қалыптасып, даму процесінде көптеген өзгерістерге ұшыраған. XIX ғасырда батырлар жыры жазылып ала бастады. Бұл кезеңде көптеген ғалымдар қазақ эпостарын зерттеп, қағаз бетіне түсіре бастаған. Мысалы, Ш.Уәлихановтың, В.Радловтың, Н.Ильминскийдің, Г.Потаниннің, А.Васильевтің, Ә.Диваевтың, т.б. ғалымдардың жинап бастырған еңбектерін ерекше атауға болады.

«Алпамыс батыр» жыры – қазақ халқының батырлар жырының ішіндегі ең көнесі. Жыр дәл қазіргідей классикалық бүтіндікке ғасырлар бойында жетілу, толығу арқасында жеткен. Жырда көрсетілген жер, мекен, адам аттары, елдің шаруашылық кәсіптері, салт-ғұрыптары эпостың қазақ халқының төл туындысы екендігін дәлелдейді. Батырлардың туып-өскен, өмір кешкен елі – Жиделі-Байсын тайпасының нақты аты – қоңырат болып көрсетілгені көптеген ғалымдардың, соның ішінде Жирмунскийдің дастанды қоңыраттардың тайпалық эпосы деп айтуына мүмкіндік берген. Дегенмен, эпоста сипатталатын оқиғалар, адамдардың іс-әрекетінің молдығы, сан дәуірдің наным-сенім ерекшелігін танытатын тұстары эпостың шеңберін бүкіл қазақтық көлемге көтереді.

«Алпамыс батыр» жыры баспа жүзін алғаш рет 1899 жылы («Қисса-и-Алпамыш», Қазан) көрген. Қазан төңкерісіне дейін бұл жыр 7 рет қайталанып басылып шыққан. Жырдың ел арасындағы түрлі нұсқаларын іздеп тауып, хатқа түсіріп, орысша мазмұнда бастырған – атақты фольклоршы Ә.Диваев болды. Ол бұл жырдың бір нұсқасын Ж.Бермұхамедовтен, тағы бірер нұсқасын Е.Ақылбековтың қолжазбасынан алған. [1.29]

Басқа да батырлар жыры сияқты «Алпамыс батыр» жыры да Кеңес үкіметі тұсында бірнеше рет басылған. Жырдың тарихи, көркемдік мәні мен әдебиеттегі орны туралы М.Әуезов, С.Сейфуллин, Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Н.Смирнова, Т.Сыдықов сынды зерттеушілер арнаулы еңбектер жазды. Бұл қатарда орыс ғалымы Жирмунскийдің «Түрік батырлық эпосы» туралы монографиясын атап өтуге болады. «Алпамыс батыр» жырының әлемге әйгілі болуына осы ғалымдардың жазған еңбектерінің пайдасы зор болды.

«Алпамыс батыр» жырының қалыптасу, даму тарихы жөнінде ғалымдар арасында түрлі көзқарастар бар. Әр ғалым өз тұрғысынан топшылайды. Мысалы, проф. В.М. Жирмунский мен Х.Т. Зарифов былай дейді: «Өзінің шығу тегіне қарағанда «Алпамыс» қоңыраттардың рулық эпосы... Қоңыраттардың ру есебінде тарихқа белгілі бола бастауы монғолдардың жаулап алуымен байланысты». Бұл пікірді проф. А.К. Боровков «Алпамыс» жырының туған кезі – XII-XIV ғғ. арасы болуы керек дейді. Ал акад. Ә. Марғұлан «Алпамыс» қыпшақ заманында туған, содан қалған жыр екендігін айтады. Жырдың қазақша нұсқасын көбірек зерттеген ғалым Т.Сыдықов «Алпамысты» рулық, тайпалық кезден келе жатқан мұра ретінде атайды. [2.184]

Түркі халықтарына кеңінен таралған «Алпамыс батыр» жырының қазақтар мен өзбектерде он бір, қарақалпақтарда бес нұсқасы, татарларда «Алпамша», башқұрттарда «Алпамыш», алтайлықтарда «Алып Манаш» деп аталатын ертегілер бар екен. Ғалымдар қоңыраттың рулық эпосы деп таныған осы жырдың Желеу ақыннан жазып алынған Майкөт Сұлтанбек нұсқасы жыр сюжетінің шынайы бастау алған жергілікті, толық жырланған алғашқы түрі деп саналады.

Өзбек тіліндегі «Алпамыс» (Фазил Юлдашев варианты, оларда да бірнеше версия бар) қарақалпақ тіліндегі вариантқа өте жақын. Бірінші бөлімдегі айырмашылық: Байбөрі мен Байсары ағайынды адамдар. Екеуі де әулиелерге түнеп бала іздеп, Байбөріден бір ұл, бір қыз, Байсарыдан бір қыз туып, туысымен-ақ құда болады. Араздықтарының себебі: қазақ тіліндегідей, Алпамыс өлсе, қызым Ұлтанға қор болады дегендікте емес, зекет мәселесі. Байбөрі, Байсарыға зекет төлесін дейді. Ол осыған қатты өкпелеп, жіберген адамдарын жазалап, қалмақ еліне көшеді. Бұл бір. Екіншісі, Алпамыстың аты әуелде Хаким еді, 14 батман Алыпбидің садағын 7 жасында тарта алғандығы үшін «Алпамыс» атайды. «Алып»

деген сөзден шыққан дейді. Үшінші, бұл вариантта Қаражан Сурхайыл деген мыстан кемпірдің 7 батыр баласының ең кенжесі болады. ¹«Алпамыс», (Қарақалпақ тілінде), 1957, 182 - б. Төртінші, Қаражан Алпамысқа еріп, Қоңырат еліне келеді; Алпамыс Байсары мен Алтыншашты қалмақтың қорлығынан босату үшін барып, (мұнда 40 жігітпен барады) тұтқынға түскенде, Қаражан оны зынданнан шығару үшін, осы Қоңырат елінен аттанады. Бірақ мұнда да Алпамыс арланып, зынданнан шықпайды. Бесінші, өзбек тіліндегі вариантта Гүлбаршын батыр қыздың бейнесінде суреттеледі. Өзбек тіліндегі («Алпамыста» қойшының аты - Қайкуат, қыздың аты - Тавка - ойым - делінеді). «Алпамыс» эпосының да кульминация және шешуі, кейбір ұсақ жайттары болмаса, негізінде бір-біріне жақын.

Қай елдің зерттеушілері болсын «Алпамыс» -бәрімізге ортақ эпос екендігін, қазақ, өзбек, қарақалпақ не басқа туыстас елдердің оны өз эпосымыз, Алпамыс өз батырымыз деп оқуына, зерттеуіне құқылары толық екендігін және бұл эпостарда сол елдердің өздеріне тән ұлттық қасиеттердің «эпоста» қамтылатындығын ешкім жоққа шығармайды. Әрқайсысының өзінше бірлігімен қатар, ерекшеліктері және оқырмандарды қызықтырарлық әдеміліктері де мол табылады.

«Алпамыс» эпосының қай дәуірдегі оқиғаны қамтитындығы жайлы, профессор В.М.Жирмунский өзбек тіліндегі «Алпамыс» эпосына жазған алғы сөзінде: «Алпамыс туралы аңыз, кейінгі ұлт-ұлтқа бөліну кезеңінен әрірек кезде туған», «Өзінің шығу тегіне қарағанда» бұл Қоңыраттардың рулық эпосы тәрізді. Ал Қоңыраттардың тарихи мәліметтерге белгілі бола бастауы, моңғолдардың жаулап алуынан соң, яғни XIII ғасырдың іші», - деп топшылайды. Сонымен қатар В.М.Жирмунский «Алпамыс» ескі заманнан келе жатқан эпостың бірі саналады» деген пікір ұсынады. Бұл айтылған топшылаулардың екеуі де «Алпамыс» эпосының әртүрлі варианттарын салыстыра зерттей келіп, жасаған ғылыми мәні зор, айрықша көңіл аударарлық пікірлер екені сөзсіз. Қай вариант болсын, «Алпамыста» батыр өзінің ерлік қимылдарын Қоңырат руының шеңберінде жасайды. Бұл мотив қазақтың басқа эпостарында да байқалады (Қобыланды, Тарғын т.б.). Бірақ олардың жырындағы оқиғалар кей варианттарында тек бір ру ғана емес, бірнеше рулардың тілек-мүддесін қамти, ру шеңберінен шығып кетіп отырады. Қобыланды қыпшақ руымен қатар бүкіл ноғайлы елдерінің жыртысын жыртыса, Тарғын бірнеше ноғайлы хандықтарында болып, қалмақтарға қарсы күреседі. Ноғайлы аталған елдердің қонысы, ар-намысы үшін майданға шығып, ерлік көрсетеді. Ал оның ертерек кезде туғандығын аңғартатын негізгі мотивтің бірі - қалыңдығын іздеу жолындағы аттанысы. Бұл - «Алпамыстың» барлық тілдегі варианттарында да негізгі сюжеттің өзегі. Баршынның басын бәйгеге тігуі, аты озған, палуан шығып, мергендігі асқанға тиемін деуі де, бас қаһарманның қалыңдығының басқа біреу алмақ болып, той жасап жатқанда келуі, алтын қабак бәйгесі, атса оқ, шапса қылыш өтпеу, отқа салса, күймеу, суға салса, батпау - бәрі - эпостың әрірек заманда туғандығын аңғартатын жайттар. Мұндай мотив, сюжеттердің көп халықтарда болғандығын В.М.Жирмунский өзбек, қазақ эпостары туралы жазған мақалаларында әр елдің эпостарымен көптеген салыстыру жасайды.

Қазіргі салыстырма зерттеудің негізгі қоятын мәселесі - бір ел мен екінші елдердің эпостарындағы сюжет, мотивтердің тууының себептерін сол елдердің өз тұрмыс-тіршіліктері мен әлеуметтік жағдайынан іздеу, оның заңдылығын ашу. Күнкөрісі бір дәрежеде, тұрмыс-салты, мәдениеті бір дәрежедегі елдердің өмірге көзқарасы да бір-бірінен онша ұзап кете қоймайды. Ендеше, сондай көзқарас, ой-санадан туған көркем шығармаларда, олардағы суреттелінетін әр алуан өмір құбылысы, оқиға, сюжет, мотивтері де біркелкі болуы мүмкін. Сюжет, амал, мотив ұйқастықтарының негізгі себебін, ең алдымен, сол халықтың өз тұрмысы, өзінің әлеуметтік жағдайынан іздеуіміз керек.

«Алпамыс» эпосының қай тілдегісін алсақ та, идеясы жағынан айырмасы жоқ. Өз елін, өз Отанын, өз халқын сүю, адам мен адамның, ер мен әйелдің, ата-ана мен бала, аға мен қарындас, туыстастарының араларындағы достық, махаббатты жыр ету. Бірақ өмірде ол тілек, мақсат бөгетсіз, кедергісіз, адамның ойлағанындай бола бермейді. Сол жолда әртүрлі қиыншылық ұшырайды, зұлымдық күштер де адамға кездесуі мүмкін. Ендеше, халық

солардың бәрін жеңіп шығатын, асқан күш, төтен ерлік, қысқасы, бойында сан алуан ерен қасиеті бар батырды, ерлікті аңсаған ұлы арман, зор тілектің сәулесі болып батыр образдары туады десек, «Алпамыс» эпосының идеялық мазмұны да осыны қамтиды.

«Алпамыс батыр» жыры қазақ халқының ауыз әдебиетіне жатады және жырдың қазақша бірнеше нұсқалары бар. М. Ғабдуллин «Алпамыс батыр» жырының жиналуы мен зерттелуі тураы былай деп жазады: «...«Алпамыс» қазақ еліне, әсіресе оңтүстік қазақтарына, ертеден таныс, көп заман бойына ауызша айту арқылы тараған көне жырдың бірі бола тұрса да, тек өткен ғасырдың аяқ кезінде ғана хатқа түсіп, баспа жүзіне шықты. Жырдың бір вариантын алғаш рет Жүсіпбек қожа Шейхұлы Исламов деген кісі 1899 - жылы Қазан қаласында бастырып шығарды. Содан кейін жырдың осы варианты өзгеріссіз 1901, 1905, 1907, 1910, 1912, 1914, 1916 жылдары қайта басылды. Жырдың бұл вариантында айтылатын негізгі әңгімелер Алпамыстың Гүлбаршынға үйленуі, Тайшық ханға аттануы. Ұлтанды жеңуі жайында болатын...» (М.Ғабдуллин, «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», Алматы, «Мектеп» баспасы, 1974- жыл, 169 -170 беттер).

Ата – бабаларымыздың қанына сіңген дәстүр – жерді шет ел басқыншыларынан қорғау болса, сол жерді қорғаушы халықтың басын біріктіріп ұстау идеясын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Осы елді біріктіру идеясы «Алпамыс батыр» жырын биікке көтеріп тұр. Қазақ халқының ұлттық идеясы да осы елді біріктіру, қасиетті жерді қорғау. Ел қорғау дегеніміз- ұлт бірлігін сақтау.

«Алпамыс батыр» жыры елдігіміз бен ерлігімізді бүкіл әлемге білдіретін аса көрнекі, халқымыздың салт –дәстүрі сақтаған жыр. Жырды оқыту арқылы жастарды патриотизмге тәрбиелеу- қазіргі таңдағы кезек күттірмейтін мәселе.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан» ұлттық энциклопедия I том. - Алматы, 1998
2. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті . - Алматы: Ана тілі. - 1991
3. Ибраев Ш., Бахадырова С., Рахымов Б. Түркі халықтарының фольклоры. – Астана, 2009. – 432 б.
4. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы . – Алматы: Санат. - 1994
5. «Жас Алаш» 2002, 19 ақпан, № 21
6. Қазақ Совет энциклопедиясы 12-том
7. Батырлар жыры II том. - Алматы: Жазушы. - 1986

УДК 140.8:316.346.2-055.2(3=512.1)

ТҮРКІЛЕР ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ РӨЛІ

Оролбек Ерханат

Oralbek-1990@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті

түрктану кафедрасының 2-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі – Сыздықов С.М.

Түркілер әйел ананы отбасының құты мен ырысы, ұйытқысы мен жылуы деп таныған. Сондықтан да болар түркі дүниесін терең зерттеген тарихшы - ғалым Лев Гумилев “Көне түріктер” деген іргелі зерттеуінде “Түркілер әйелдерді сал серілердей әдейі қатты құрметтейтін. Баласы үйге кіргесін әуелі шешесіне иіліп, тәжім еткен, содан кейін барып әкесіне сәлем берген. Орхон жазуында да ордада апа қарындастары қалып қойып, оларға ажал қауіп төнгенде, Күлтегіннің оларды жанқиярлықпен қорғап қалғаны зор шабытпен жырланады... Түркілерде анасының шыққан тегіне айырықша мән берілген”[1,1036] - деп жазған.